Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 184 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қарашадағы N 1945 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2009 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 184 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., N 12, 74-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2009 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірі 35-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 44-2-жолмен толықтырылсын:

"

44-2	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әр түрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қарама-қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині	Қазан	Қараша	Желтоқсан	М.Б. Бекетаев

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министр К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК